

Құрметті көлік иесі!

Сізді Toyota маркасының көптеген жақтаушыларының қатарынан көруге қуаныштымыз.

Біз автокөліктеріміздің шын мәнінде сапалы әрі қазіргі заманға сай конструкторлық жетістіктердің негізінде жасалғанын мақтан тұтамыз.

Осы Кепілді техникалық қызмет көрсету нұсқаулығымен (әрі қарай «Нұсқаулық») мұқият танысып шығыңыз. Бұл жерден өзіңіз сатып алған Toyota автокөлігіне өндірушінің берген кепілдігі туралы, Toyota автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету талаптары туралы, Toyota автокөлігінің сапасына қойылатын талаптарды реттейтін өкілетті дилерлер туралы, Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектері мен аксессуарлары және Toyota автокөлігіне техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы, сондай-ақ дистрибьютор және/немесе өкілетті дилерлердің қолдауы туралы маңызды ақпаратты таба аласыз.

Осы Нұсқаулықта Toyota автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету және қосымша техникалық қызмет көрсету жоспары туралы белгілер жазылатын бөлім де бар. Сонымен бірге осы Нұсқаулықта Toyota автокөлігіңізді ұзақ жылдар бойы еш қиындықсыз жайлы әрі қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік беретін бірқатар ұсыныстар берілген.

Осы Нұсқаулықта берілген ақпарат Нұсқаулық жарияланған уақытта қолжетімді болған соңғы деректерге сүйеніп жазылған және алдын ала ескертпестен өзгертілуі мүмкін. Бұған қарамастан, осы Нұсқаулықта белгіленген шарттарға сәйкес ұсынылған Кепілдік осы Нұсқаулықта белгіленген бүкіл Кепілдік мерзімі ішінде қолданылады.

Toyota автокөлігі мен оны пайдалану ережелері туралы толық ақпарат автокөлікпен бірге берілетін Көлік иесінің нұсқаулығында берілген.

МАЗМҰНЫ

КЕПІЛДІКТІ ТІРКЕУ	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
ДИЛЕР.....	8
ТОУОТА ТҮПНҰСҚА ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРІ	9
ТОУОТА ТҮПНҰСҚА АКСЕССУАРЛАРЫ	10
КЕПІЛДІК.....	11
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	22
СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР	24
«1 АЙ» ТЕГІН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	60
АКСЕССУАРЛАРДЫ ОРНАТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЗБАЛАР	61
ОДОМЕТРДІ АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР	63
ШАНАҚТЫ ТЕКСЕРУ КАРТАСЫ	64
ЖОСПАРЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЗБАЛАР	68
ҚОСЫМША ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЗБАЛАР	72
ДИЛЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМІ	76

КЕПІЛДІКТІ ТІРКЕУ

СЕРТИФИКАТ

Дилердің мөртаңбасы

Өндіруші өндірістің әр сатысында сапаны тексеру бойынша қатаң шараларды қолданады. Бұл сертификат сату алдындағы техникалық қызмет Өндірушінің талаптарына сәйкес көрсетілгеніне кепілдік береді.

Сіздің қауіпсіздігіңізді сақтау мақсатында Toyota осы нұсқаулықта көлік иесі туралы

деректерді көрсетпейді. Осының арқасында басқа адамдар автокөлігіңізді ұрлап әкеткенде немесе автокөлік апатқа ұшырағанда сіз туралы деректерге қол жеткізе алмайды. Сонымен бірге автокөлік ішінде басқа құжаттарды да сақтамаған жөн, мысалы, сақтандыру полистері.

(VIN) Toyota автокөлігі шанағының нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Toyota автокөлігінің берілген күні

--	--	--	--	--	--	--	--	--

Төменде қол қойғандар осы Toyota автокөлігі Өндірушінің талаптарына сәйкес сату алдындағы техникалық қызмет көрсетуден өткенін растайды.

Лауазымы _____

Т.А.Ө. _____ Қолы _____

ТОУОТА АВТОКӨЛІГІ

Нұсқаулықта және Toyota автокөлігін сату-сатып алу келісіміне ілесетін және/немесе оған қатысты басқа құжаттарда көрсетілген шарттар бойынша сапа кепілдігі таралатын Toyota тауар белгісімен белгіленген автокөлік.

АВТОКӨЛІК ИЕСІ

Toyota автокөлігін Дилерден немесе Кепілді мерзім ішінде бұрынғы көлік Иесінен сатып алған адам.

КЕПІЛДІК

Toyota автокөлігін тиісінше пайдаланған және сақтаған жағдайда Өндіруші беретін және Кепілдік мерзімі ішінде қолданылатын автокөліктің сапа кепілдігі.

КЕПІЛДІ ЖӨНДЕУ

Кепілді мерзім ішінде Дилер Кепілдік күші қолданылатын Toyota автокөлігінің кемшіліктерін жою мақсатында Кепілдік шарттарына сәйкес Көлік иесі үшін тегін орындайтын жөндеу жұмыстары. Дилер Өндірушінің техникалық құжаттары негізінде Кепілді жөндеу әдістері мен тәсілдерін өз бетінше белгілейді.

КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ

Өндіруші белгілеген және Нұсқаулықта және Toyota автокөлігін сату-сатып алу мәмілесінің ілеспе және/немесе оған қатысты басқа да құжаттарында көрсетілген Кепілдіктің қолданылу мерзімі.

АНЫҚТАМАЛАР

ДИЛЕР*

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы аумағында орналасқан, Toyota автокөліктерін, Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектері мен аксессуарларын сатуға Дистрибьютор ресми өкілеттік берген, сондай-ақ Toyota автокөліктерінің, Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектері мен аксессуарларының сапасына қатысты кінәрат-талаптарды реттеуге және Toyota автокөліктеріне техникалық қызмет көрсетуге және оларды жөндеуге өкілетті тұлға.

ДИСТРИБЬЮТОР

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы аумағында Toyota тауар белгісімен таңбаланған автокөліктер, қосалқы бөлшектер мен аксессуарлардың дистрибуциясы жүйесін ұйымдастыруға, дамытуға және басқаруға тиісінше өкілеттік алған тұлға.

ҚОСЫМША ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Toyota автокөлігін айрықша жағдайда пайдаланғанда, Көлік иесінің нұсқаулығында белгіленген уақыт аяқталған және (немесе) жол жүрілген соң Toyota автокөлігіне қосымша техникалық қызмет көрсету.

Дилерден басқа жерде Қосымша техникалық қызмет көрсету салдарынан сіздің Кепілдік бойынша талаптарыңыз қанағаттандырылмайтын болады.

ӨНДІРУШІ

Тойота Мотор Корпорэйшн, Тойота-чо 1, Тойота-ши, Айчи-кен, 471-8571 Жапония, және оның еншілес компаниялары.

ТОУОТА ТҮПНҰСҚА ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРІ МЕН АКСЕССУАРЛАРЫ

Өндіруші шығаратын немесе оның бақылауымен шығарылатын немесе ол мақұлдаған, Дилер сататын және Toyota автокөліктеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізгенде Дилер пайдаланатын және Дистрибьютор оған жеткізетін қосалқы бөлшектер мен аксессуарлар.

ЖОСПАРЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Осы Нұсқаулыққа немесе Көлік иесінің нұсқаулығына сәйкес Toyota автокөлігіне мерзімді түрде жүргізілетін техникалық қызмет көрсету. Жасалатын жұмыстар тізімі Нұсқаулықта немесе Көлік иесінің нұсқаулығында техникалық реттеуді ескере отырып түзету мүмкіндігімен көрсетіледі. Негізгі жұмыс түрлеріне тексеру жұмыстары, қуат жүйесінің, қозғалтқышты майлау және салқындату жүйелерінің бітеулігін, оталдыру жүйесін, аккумулятор батареясын тексеру, реттеу жұмыстары, майды, салқындату және басқа техникалық сұйықтар мен майлағыш заттарды ауыстыру, сондай-ақ Көлік иесінің нұсқаулығында белгіленген мерзімнің өтуіне және (немесе) қашықтықты жүріп өткеніне байланысты ауыстыруды қажет ететін шығыс бөлшектері мен материалдарын жоспарлы түрде ауыстыру кіреді.

Дилерден басқа жерде Жоспарлы техникалық қызмет көрсету салдарынан сіздің Кепілдік бойынша талаптарыңыз қанағаттандырылмайтын болады.

КӨЛІК ИЕСІНІҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Toyota автокөлігіне қоса берілетін Toyota автокөлігін пайдалану нұсқаулығы.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Toyota автокөлігін жарамды күйде сақтауға, қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға, оны пайдалану және сақтау барысында қоршаған ортаны қорғауға бағытталған операциялар (техникалық ықпалдар) кешені, соның ішінде сату алдындағы техникалық қызмет көрсету.

ДИЛЕР

Жоспарлы техникалық қызметті, Қосымша техникалық қызметті тұрақты түрде көрсету, сондай-ақ уақытылы жөндеу жұмыстарын жүргізу сіздің Toyota автокөлігіңізге өндіруші енгізген жұмысқа жарамдылық, қауіпсіздік және сенімділік сияқты қасиеттерді сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Toyota автокөлігін сатып алған кезде сіз жұмсаған қаражатыңызды барынша үнемдеуге көмектеседі.

Toyota автокөлігіңізге қызмет көрсету үшін біз төмендегідей себептерге байланысты Дилердің өзіне баруға кеңес береміз:

- 1) Дилерде Toyota автокөлігіңізге техникалық қызметті Toyota автокөліктеріне техникалық қызмет көрсету саласындағы барлық қолжетімді заманауи технологияларды қолдана алатын және мамандандырылған оқу бағдарламаларынан жүйелі түрде өтетін біліктілігі жоғары кәсіби техникалық мамандар көрсетеді.
- 2) Дилерде Toyota автокөлігіңізге техникалық қызметті дұрыс әрі тез көрсету үшін әзірленген қажетті арнайы құрал-жабдығы бар.
- 3) Дилерде сіздің Toyota автокөлігіңіздің моделіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі ең соңғы техникалық ақпарат бар. Сонымен бірге оған қандай да бір қосымша ақпарат қажет болған кезде оның Дистрибьютормен тікелей байланысу мүмкіндігі бар.
- 4) Сіздің Toyota автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету үшін Дилер тек Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектерін қолданады, олардың сапасы сіздің Toyota автокөлігіңізге бастапқы кезде орнатылған бөлшектердің сапасымен бірдей. Оған қоса Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектеріне осы Нұсқаулықта сипатталғандай Өндірушінің кепілдігі беріледі.

Сұрақтарыңыз болса немесе сіздің Toyota автокөлігіңізге көмек қажет болса, өз Дилеріңізге хабарласыңыз.

TOYOTA ТҮПНҰСҚА ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРІ

Сіздің Toyota автокөлігіңіздің сапасын, сенімділігін және құндылығын сақтау үшін Өндіруші автокөлігіңізге Жоспарлы және Қосымша техникалық қызмет көрсету кезінде, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде тек Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектерін, яғни Дилер сататын және оған Дистрибьютор жеткізетін қосалқы бөлшектерді ғана пайдалануға кеңес береді.

Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектері Toyota маркасымен шығарылатын барлық өнім сияқты жоғары сапа, сенімділік, төзімділік және қауіпсіздік стандарттарына сай шығарылған.

Дилердің Toyota автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету үшін қажет кез келген Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшегіне тапсырыс беру мүмкіндігі бар.

Дилер қоймасында қандай да бір Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшегі болмай қалған жағдайда, ол Дистрибьютор қоймасына тікелей хабарласып, сіздің Toyota автокөлігіңізге қажет Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшегін жеткізіп бере алады.

Сіз сапа мен жан тыныштығын қаласаңыз, техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін тек Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшегін пайдаланыңыз.

Түпнұсқа емес Toyota қосалқы бөлшегін пайдалану салдарынан Toyota автокөлігіңіздің пайдалану сапасы, қауіпсіздігі мен төзімділігі төмендеуі мүмкін және Кепілдік бойынша талаптарыңыз қанағаттандыра алмауыңа әкелуі мүмкін.

ТОУОТА ТҮПНҰСҚА АКСЕССУАРЛАРЫ

Егер Toyota автокөлігіңіздің сенімділігі мен пайдалану қасиеттерін жоғалтып алмай, оны даралағыңыз келсе, онда тек Toyota түпнұсқа аксессуарларын, яғни, Дилер сататын және оған Дистрибьютор жеткізетін аксессуарларды пайдалану керек.

Toyota түпнұсқа аксессуарлары Toyota автокөліктері үшін арнайы әзірленіп өндірілген, оған қоса олар арнайы тексерістен өтіп, олардың жоғары сапа, сенімділік деңгейі мен орнатылу дәлдігі расталады.

Ал Toyota маркасына жатпайтын басқа қосалқы бөлшектер дәл сондай жоғары стандарттарға сай келмейді.

Дилерден Toyota түпнұсқа аксессуарларын сатып алғанда сізге олардың сапасына кепілдік беріледі.

Toyota маркасына жатпайтын басқа аксессуарды пайдалану салдарынан Toyota автокөлігіңіздің пайдалану сапасы, қауіпсіздігі мен төзімділігі төмендеп, Кепілдік бойынша талаптарыңыз қанағаттандырылмайтын болады.

КЕПІЛДІК БЕРУ ШАРТТАРЫ

Өндірушінің Кепілдікте қарастырылған кепілдік міндеттемелері Toyota автокөлігін Дилерден сатып алған кезде ғана беріледі.

Toyota автокөлігін сатқан кезде Дилер осы Нұсқаулықтың «КЕПІЛДІКТІ ТІРКЕУ» парағына тиісті жазбаларды енгізеді. Көлік иесі осы жазбаларды Дилердің енгізгенін өзі тексеруі тиіс.

КЕПІЛДІКТІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ШАРТТАРЫ

Кепілдік мерзімі ішінде техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын тек Дилерде іске асыру керек.

Дилер Жоспарлы техникалық қызмет көрсету, Қосымша техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ Toyota түпнұсқа аксессуарларын орнату туралы тиісті ақпаратты осы Нұсқаулықтың тиісті парағына жазады. Көлік иесі осы жазбаларды Дилердің енгізгенін өзі тексеруі тиіс.

Дилерден басқа орталықта Жоспарлы техникалық қызмет көрсету, Қосымша техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ жөндеу салдары сіздің Кепілдік бойынша талаптарыңыз қанағаттандырылмай қалады.

КЕПІЛДІК

КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ


Дилер сатқан жаңа Toyota автокөлігінің кепілдік мерзімі осы Нұсқаулық ережелерін ескере отырып, қайсысы ерте келетініне қарай 3 жылды (36 айды) немесе 100 000 км қашықтықты құрайды.

Өндіруші кепілдігінің күші жаңа Toyota автокөлігін Көлік иесіне берген күннен басталып, Кепілдік мерзімі аяқталған уақытқа дейін қолданылады, бұл туралы жазу «КЕПІЛДІКТІ ТІРКЕУ» парағында тіркеледі.

Көлік иесі Toyota автокөлігінің кемшіліктеріне байланысты Кепілдік талаптарын қоюға құқылы, оларға сатушы (Өндіруші) тек Кепілдік мерзімі ішінде ғана жауапты болады.

Осы Нұсқаулықта көрсетілген Кепілдік мерзімі Toyota автокөлігі пайдаланылмаған мерзім ішінде анықталған кемшіліктерді жою үшін қажетті мерзімге қарамастан өзгеріссіз қалады.

ТОУОТА КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР



*1 Қайсысы ертерек орын алатынына қарай.

*2 Аккумулятор батареясы үшін: 3-ші жыл пайдалану кезінде кепілдік арқылы батарея құнының 50 % өтеледі

*3 «пикап» типіндегі автокөліктердің жүк платформасынан басқа, ол үшін кепілдік мерзімі — 1 жыл немесе 20 000 км. Қайсысы ертерек орын алатынына қарай.

КЕПІЛДІК

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҒДАЙЛАР

ТОУОТА АВТОКӨЛІГІНЕ БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДІК

Кепілдік бастапқыда Дилерден сатып алынған Toyota автокөлігіне Кепілдік мерзімі кезеңіне беріледі. Көлік иесі Toyota автокөлігінің кемшіліктеріне байланысты Кепілдік мерзімі ішінде Кепілдік талаптарын қоюға құқылы.

ШАНАҚ ПЕН ЛАК-БОЯУ ЖАБЫНЫНА БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДІК

Көлік иесі Көлік иесінің нұсқаулығында көрсетілген шанақ пен лак-бояу жабынына күтім жасау ережелері мен талаптарын сақтаған жағдайда Өндіруші Кепілдік мерзімі ішінде Toyota автокөлігінің шанағында өтпелі коррозия және лак-бояу жабынының өндірістік кемшіліктері болмайтынына кепілдік береді.

Көлік иесі тек Кепілдік мерзімі ішінде және автокөлікті Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өткізген кезде 64-67 беттердегі Шанақты тексеру картасын толтыра отырып шанақты жүйелі түрде тексерткен жағдайда шанақтың немесе лак-бояу жабыны кемшіліктеріне байланысты Кепілдік талаптарын қоюға құқылы.

ТОУОТА ТҮПНҰСҚА ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРІНЕ БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДІК

Кепілдік Дилерден сатып алынған Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектеріне сатып алған сәттен бастап, автокөліктің жүріп өткен жол қашықтығына қарамастан 12 ай өткенше беріледі.

Toyota маркасына жатпайтын қосалқы бөлшектер мен Дилерден сатып алынбаған Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектеріне, сондай-ақ сондай қосалқы бөлшектерді пайдалану салдарынан келген олқылықтарға Кепілдік күші әсер етпейді.

Көлік иесі Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектеріне берілген кепілдік мерзімі ішінде ғана Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектерінің кемшіліктеріне байланысты Кепілдік талаптарын қоюға құқылы.

Кепілдік мерзімі Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектерінің кемшіліктерін жоюға қажетті мерзімге қарамастан өзгеріссіз қалады

ТОУОТА ТҮПНҰСҚА АКСЕССУАРЛАРЫНА БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДІК

Кепілдік Toyota түпнұсқа аксессуарларына оларды Өндіруші орнатқан жағдайда Кепілдік мерзімі аясында беріледі. Егер Toyota түпнұсқа аксессуарлары Toyota автокөлігін сатып алғаннан кейін орнатылған болса, онда осындай Toyota түпнұсқа аксессуарларына кепілдік Toyota түпнұсқа аксессуарын Дилерден сатып алған күннен бастап, Toyota автокөлігінің жүрген жол қашықтығына қарамастан 12 ай өткенге дейін немесе осындай аксессуарлар орнатылған Toyota автокөлігіне қатысты Кепілдік мерзімінің күшінде болу мерзімі аяқталғанға дейін, қайсысы ұзақ созылатынына байланысты қолданылады.

Көлік иесі Toyota түпнұсқа аксессуарларына берілген кепілдік мерзімі ішінде ғана Toyota түпнұсқа аксессуарларының кемшіліктеріне байланысты Кепілдік талаптарын қоюға құқылы.

Кепілдік мерзімі Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектерінің кемшіліктерін жоюға қажетті мерзімге қарамастан өзгеріссіз қалады.

Қолшатыр, оттық, сәмке және т.б. сияқты тауарлар Toyota түпнұсқа аксессуарларына берілген кепілдікпен өтелмейді.

КЕПІЛДІК

АККУМУЛЯТОР БАТАРЕЯСЫНА БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДІК

Аккумулятор батареясына берілетін кепілдік, ертерек орын алатынына қарай, 3 жыл немесе 100 000 км құрайды. 3-ші жыл пайдалану кезінде кепілдік арқылы батарея құнының 50 % өтеледі.

ГИБРИД ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫҢ КОМПОНЕНТТЕРІНЕ БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДІК

Гибрид қондырғылардың компоненттері үшін Кепілдік мерзімі, ертерек орын алатынына қарай 5 жыл немесе 100 000 км қашықтықты құрайды.

Гибрид қондырғыларының компоненттері:

- жоғары вольтті аккумулятор батареясы;
- аккумулятор батареясының басқару модулі;
- гибрид қондырғының басқару модулі;
- конвертері бар инвертер.

ДИАГНОСТИКА

Гибрид жүйесінің максималды тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін рұқсаты бар TOYOTA сервис орталығында осы жүйеге жыл сайын диагностика жасатып тұру керек. Біздің техникалық мамандар гибрид жүйесін толық тексеріп шығып, егжей-тегжейлі жазбаша есеп жасап береді, соның арқасында сіздің гибрид автокөлігіңіздің техникалық күйін түсінуге мүмкіндігіңіз болады.

ЖӨНДЕУ ОРТАЛЫҒЫНА ЖЕТКІЗУ

Сіздің Toyota автокөлігіңіздің кемшілігі Өндірушінің жауапкершілік саласына кіретін болса, онда Toyota автокөлігіңізді жақын маңдағы Дилерге жеткізу шығыны Кепілдікпен өтеледі.

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Көлік иесі Toyota автокөлігін пайдалану, сақтау немесе тасымалдау ережелерін бұзғандықтан, үшінші тұлғалардың әрекеттерінен немесе еңсерілмейтін күш әсерлерінен болған Toyota автокөлігінің, шанағының, лак-бояу жабынының, Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектері мен аксессуарларының кемшіліктері үшін Өндіруші жауапты емес.

Кепілдік міндеттемелер қалыпты пайдалану кезінде табиғи түрде тозатын және сыртқы әсерлердің салдарынан тез тозатын бөлшектерге, керек-жарақтарға қолданылмайды.

Сонымен бірге өндіруші Toyota автокөлігінің, шанағының, лак-бояу жабынының, қосалқы бөлшектерінің төмендегі жағдайларға байланысты туындаған кемшіліктері үшін жауапты болмайды:

- Дистрибьютор өкілеттік бермеген жөндеу мекемесі немесе Көлік иесі, не болмаса Toyota автокөлігін пайдаланушы тұлға Көлік иесінің нұсқаулығы талаптарын бұзған; немесе
- Toyota маркасына жатпайтын қосалқы бөлшектерді немесе аксессуарларды пайдаланған; немесе
- Дистрибьютордың өкілеттігі жоқ жөндеу мекемесінің тиісті біліктілігі болмаған, немесе ол ұқыпсыздық және абайсыздық танытқан; немесе
- Toyota автокөлігін пайдалануға қатысты Көлік иесінің нұсқаулығы талаптары бұзылған; немесе
- Toyota автокөлігін спорт, жарыс мақсаттарында немесе артық жүктемемен пайдаланған; немесе
- Көлік иесі немесе басқа тұлғалар Toyota автокөлігіне қатысты қасақана немесе абайсыз іс-қимылдар жасаған (мысалы, электр қосылыстарды зақымдауы немесе ажыратуы және т.с.); немесе

КЕПІЛДІК

- Toyota автокөлігімен су өткелдерінен және басқа да су кедергілерінен өткен кезде оның тораптары мен агрегаттары ішіне су кіріп кеткен; немесе
- Toyota автокөлігін түрлендіру немесе оның конструкциясын өзгерту (бағдарламалық құралдарды, зауыттық баптауларды, электрондық блоктардың параметрлерін заңсыз өзгерту, көлік құралының қуатын, конструкциясын және/немесе типін өзгерту); немесе
- климаттық және физикалық жағдайлардың нәтижесіне байланысты жарықтандыру аспаптарының ішінен булануы; немесе
- Дилерден басқа жерде жөндеу немесе реттеу жұмыстары дұрыс жүргізілмеген; немесе
- Өндіруші Көлік иесінің нұсқаулығында белгілеген Техникалық қызмет көрсету жұмыстарының мерзімі бұзылған.

СОНЫМЕН БІРГЕ КЕПІЛДІК МЫНАЛАРҒА ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ:

- тек Көлік иесінің қалауы бойынша жасалған, Toyota автокөлігінің кемшіліктерінен туындамаған қосалқы бөлшектерді немесе аксессуарларды, шанақты, лак-бояу жабынын, Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектері мен аксессуарларын ауыстыруға;
- қандай да бір сыртқы әсерлерден, соның ішінде жарық пен сызаттан, тұздан, ағаш сөлінен және бүрлерінен, құс саңғырығынан, бұршақтан, қышқыл жаңбырынан, табиғат апаттарынан болған зақымдарға немесе шанақ коррозиясына;
- жол-көлік апаттары, кедергілердің үстіне шығу салдарынан болған зақымдарға, жол төсемінің ақауларынан болған зақымдарға;
- Toyota автокөлігінің ақауы кезінде Көлік иесіне келген шығындарға, соның ішінде телефон қоңыраулары, басқа автокөлікті жалдау, қонақ үйде тұру, уақыт жоғалту және жіберіп алған пайда және т.б.;

- Toyota автокөлігіне Көлік иесінің нұсқаулығында белгіленген Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуге және/немесе Қосымша техникалық қызмет көрсетуге қажетті жұмыстардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың құнына;
- қозғалтқышты, дөңгелектерді орнату бұрыштарын реттеуге, тораптарды, бөлшектерді және агрегаттарды майлауға және тазалауға;
- сүзгілерді және сүзу элементтерін, шамдарды, салқындату және басқа да техникалық және пайдалану сұйықтықтарын, оталдыру және қыздыру білтелерін, балқыма сақтандырғыштарды, форсункаларды ауыстыруға;
- әйнектазалағыш щеткаларын, шиналарды, тежегіш қыспақтары және дискілер/барабандарын, жетек белбеулерін, ілініс дискілерін, амортизаторларды ауыстыруға;
- жылтыратуға, тазалауға және коррозияға қарсы өңдеуге;
- Toyota автокөлігін Көлік иесі нұсқаулығында берілген пайдалану ережелерін бұзу салдарынан қажеттілігі туындаған тораптарды, бөлшектерді және агрегаттарды жөндеуге, реттеуге және ауыстыруға;
- Toyota автокөлігіне Жоспарлы техникалық қызметтің және/немесе Қосымша техникалық қызметтің көрсетілмеуінен, кем көрсетілуінен немесе дұрыс көрсетілмеуінен, сондай-ақ сапасыз немесе Көлік иесінің нұсқаулығында көрсетілген талаптарға сай келмейтін отынды, жағармайды, салқындату және басқа да пайдалану сұйықтықтарын пайдаланғаннан туындаған жөндеу жұмыстарына.

ШИНАЛАР

Toyota кепілдігі шиналарға қолданылмайды.
Шиналарға кепілдікті шина өндірушісі береді.

КЕПІЛДІК

ТАБИҒИ ШУЫЛ, ДІРІЛ ЖӘНЕ ТОЗУ

Табиғи (қалыпты) шуыл, діріл, табиғи тозу, ескіру, лак-бояу жабынының оңуы және күнге күйіп кетуі, сондай-ақ кір, үйкелім және деформация Кепілдікпен өтелмейді.

ОДОМЕТР КӨРСЕТКІШТЕРІН ӨЗГЕРТУ

Қолдан жасалған немесе өзгертілген, соның ішінде осы Нұсқаулықта көрсетілмегендей ауыстырылған, осылайша нақты жүрілген қашықтығы шын анықталмайтын одометрі бар Toyota автокөлігінің ақауларын жою кепілдікпен өтелмейді.

КӨЛІК ИЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

- Дилерге барғанда барлық қажет болған жағдайларда осы Нұсқаулықты көрсету;
- Toyota автокөлігін осы Нұсқаулыққа және Көлік иесінің нұсқаулығына сәйкес пайдалану, техникалық қызмет көрсету, сақтау, тасымалдау және күтім жасау;
- Toyota автокөлігіне аксессуарларды орнатуға қатысты чектерді, шоттарды, орындалған жұмыстар актісін, тапсырыс-нарядтарды, жазбаларды және сатып алу мен техникалық қызмет көрсету тарихына қатысты басқа да құжаттарды сақтау;
- әр сапар алдында Toyota автокөлігіне осы Нұсқаулықтың «ӨЗ БЕТІНШЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ» бөліміндегі нұсқауларға сәйкес тексеру жүргізіп отыру керек.

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЙМАҒЫ

Осы нұсқаулықта сипатталған Toyota кепілдігінің шарттатры келесі елдерде қолданылады:

Қазақстан

Қырғызстан

Егер сіз жоғарыда аталғаннан басқа елдерге сапар шегуді жоспарласаңыз, онда жергілікті Toyota дилері орталығына жолығып, қосымша ақпарат алыңыз.

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЙМАҒЫНАН ШЫҒАРЫЛҒАН НЕМЕСЕ СЫРТҚА САТЫЛҒАН TOYOTA АВТОКӨЛІГІНЕ БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДІК

Егер Көлік иесі Toyota автокөлігін Кепілдік міндеттемелердің қолданылу аймағынан тыс жерге шығарса, сатса немесе қайта сатса, онда кез келген Кепілдіктің күші жойылады.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ЖОСПАРЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Осы Нұсқаулықтың 68-71 беттерінде Көлік иесінің нұсқаулығында Өндіруші ұсынған техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізілуі тиіс Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өткені туралы белгі жазылатын жолақтар берілген.

Кестеде қарастырылған Жоспарлы техникалық қызмет көрсету интервалы одометрдің кері санауымен немесе Техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес қайсысы ерте орын алатынына байланысты уақыт аралығымен анықталады.

ҚОСЫМША ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Жүйелі түрде жүргізілетін Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден басқа сіздің Toyota автокөлігіңізге пайдалану жағдайларына байланысты Қосымша техникалық қызмет көрсету қажет болуы мүмкін.

Қосымша техникалық қызмет көрсету қажет болуы мүмкін шарттар Көлік иесінің нұсқаулығында берілген.

Қосымша техникалық қызмет көрсету кестесін Дилер ұсынуы мүмкін, ал кестеге сәйкес олардан өту туралы белгілер осы Нұсқаулықтың 72-75 беттерінде көрсетіледі.

ӨЗ БЕТІНШЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Көлік иесінің нұсқаулығында белгіленген Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуге және Қосымша техникалық қызмет көрсетуге қосымша сіз әр сапардың алдында төменде берілген тізімге сәйкес тексеріс жүргізуіңіз тиіс:

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

- аккумулятор батареясының күйі;
- қозғалтқыштағы салқындату сұйықтығының деңгейі;
- қозғалтқыштағы май деңгейі;
- дыбыс сигналы, сыртқы және ішкі жарық аспаптары мен ескертуші сервистік индикаторлардың жұмысы;
- кондиционер жүйесінің жұмысын тексеру*;
- шиналардағы қысым (салқын күйде), соның ішінде қосалқы дөңгелек;
- әйнек жуғыштың сұйықтық деңгейі;
- Toyota автокөлігінің сыртқы күйі (толық ақпарат алу үшін Көлік иесінің нұсқаулығын қараңыз).

Оған қоса отынның, майдың және басқа да сұйықтықтардың ағып тұрмағанын міндетті түрде тексеру керек.

Қалай тексеру керектігі жөнінде Көлік иесінің нұсқаулығынан қараңыз.

Тексеру барысында Көлік иесінің нұсқаулығында сипатталған техникалық күй талаптарына сәйкессіздіктер немесе ақаулар анықталған жағдайда сапарға шықпай тұрып олардың жойылуын қамтамасыз ету керек.

Қажет болса, өз Дилеріңізге хабарласып, бұл үшін не істеуге болатыны туралы кеңес алыңыз.

* Аптасына бір рет 5 минут ішінде орындау керек.

СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

Осы Нұсқаулықта сипатталған Toyota автокөлігіңізге қатысты Кепілдік ережелері аса ұғынықты болуы үшін біз ең көп қойылатын сұрақтарға берілген жауаптарды жарияладық.

1-сұрақ

Кепілдік мерзімі ішінде ақау пайда болса, мен өзімнің Toyota автокөлігімді қалай жөндей аламын немесе оның жұмысын қалай тексере аламын?

Жауап:

Өз Toyota автокөлігіңізде қажетті жұмыстарды жүргізу туралы келіскіңіз немесе Кепілді түрде жөндеу немесе Техникалық қызмет көрсету ерекшеліктері туралы білгіңіз келетініне қарамастан, тезірек нәтижеге қол жеткізу үшін төмендегілерді орындауға кеңес береміз:

ӨЗ ДИЛЕРІҢІЗГЕ ХАБАРЛАСЫҢЫЗ

Бұл мәселеңізді шешудің ең тиімді тәсілі. Дилер сізге қажет болуы мүмкін Кепілді түрде жөндеуді ұсынуға жауапты әрі оның Toyota автокөлігіңізді өте жақсы күйде сақтау үшін қажетті білімдері, құрал-саймандары және барлық қолжетімді ресурстары бар.

Дилерге келгенде, ең алдымен сервис кеңесшісіне жолығып, келген себебіңізді толық түсіндіріңіз.

Егер сізге мәселеңіз шешілмегендей болып көрінсе, сізді сервис менеджерімен кездестіруді өтініңіз.

Осыдан кейін де алған ақпаратыңызға көңіліңіз толмаса, клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз, ол қызмет сізге қамқорлық көрсетуге тікелей мүдделі.

2-сұрақ

Менің Toyota автокөлігім бұзылып қалған және оны Кепілді түрде жөндеу қажет, ал жақын маңда Дилер жоқ болса не істеймін?

СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

Жауап:

Мұндай жағдай орын алса, ең алдымен осы Нұсқаулықта немесе www.toyotakz.com веб-сайтында тұрған Дилерлердің тізімін қарап шығыңыз да, солардың ішінен сізге ең жақын орналасқанына хабарласып, кеңес алыңыз.

3-сұрақ

Toyota автокөлігім тіркеме сүйреу үшін пайдаланылса, оған кепілдік қолданылады ма?

Жауап:

Егер сіз Toyota автокөлігіңізді тіркемемен бірге пайдалансаңыз, төмендегідей жағдайларда оған кепілдік міндеттемелер қолданылады:

1. Сіз Toyota автокөлігіңізге Көлік иесінің нұсқаулығында келтірілген ұсыныстарға сәйкес дұрыс әрі жүйелі түрде техникалық қызмет көрсеткен болсаңыз.
2. Сүйреу аспабын Дилер орнатқан болса.
3. Сүйреу аспабы дұрыс орнатылған болса.
4. Сіз Toyota автокөлігіңізге орнатылған сүйреу аспабын пайдалану нұсқаулығы мен ережесін, соның ішінде кез келген басқа да ұсынылған жабдықты пайдалану нұсқаулықтарын дұрыс әрі толық орындаған болсаңыз.
5. Сіз тіркемесі бар Toyota автокөлігіңізді қозғалыс қауіпсіздігін бақылауда ұстауға мүмкіндік беретіндей жылдамдық режимдерін сақтай отырып дұрыс әрі ұқыпты жүргізсеңіз.
6. Toyota автокөлігі мен тіркемеге артылатын максималды жүктемені шектен асырмасаңыз.

Оған қоса әрбір Көлік иесі тіркеме сүйреу Toyota автокөлігінің қозғалыс тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне, төзімділігі мен үнемділігіне кері әсерін тигізуі мүмкін екенін естен шығармауы тиіс.

СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

Осы барлық кері әсерін тигізетін факторларды еңсеру үшін Өндірушінің жүк тиеуге, өлшеміне, қозғалыс жылдамдығына және тіркеу үшін қолданылатын жабдыққа қатысты ұсыныстарын сақтаңыз.

4-сұрақ

Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектері мен аксессуарларына кепілдік беріле ме?

Жауап:

Иә, Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектері мен аксессуарлары Дилерден сатып алынған болса, оларға кепілдік беріледі. Осы Нұсқаулықта берілген «Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектеріне берілетін кепілдік» және «Toyota түпнұсқа аксессуарларына берілетін кепілдік» бөлімдерін қараңыз.

5-сұрақ

Менің Toyota автокөлігім Дилердің Кепілдікпен жөндеуінде тұрғанда менің қонақ үйде тұру, жол шығыны немесе коммерциялық шығындар сияқты ықтимал қосымша шығындарым Кепілдікпен өтеледі ме?

Жауап:

Жаңа Toyota автокөлігіне берілетін Кепілдік тек оны жөндеуге қатысты және сіздің кез келген қосымша шығындарыңызға қолданылмайды.

6-сұрақ

Егер менің Toyota автокөлігім газ тектес отынды пайдалану мүмкіндігі (газбен жұмыс істеу) үшін түрлендірілген болса, автокөлікке қолданылатын Кепілдіктің күші сақталады ма?

Жауап:

Өндіруші Toyota автокөліктерін сұйылтылған газбен жұмыс істеу құралын орнатпауға кеңес береді және сұйылтылған газбен жұмыс істейтін жабдықты пайдалануға тікелей немесе жанама қатысы бар қозғалтқыш

СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

ақауына немесе қандай да бір оқиғалар үшін ешқандай жауапкершілік алмайды. Кепілдік тек Toyota автокөлігін өндіру кезінде пайдаланылған материал сапасының кемшілігі немесе жүргізілген жұмыстар салдарынан келген ақауларға ғана қолданылады.

Жаңа Toyota автокөлігіне берілетін кепілдікпен мыналар өтелмейді:

- Toyota автокөлігін сұйылтылған газбен жұмыс істету үшін өзгерту жұмыстары жүргізілгенде пайдаланылған және орнатылған бөлшектер мен керек-жарақтардың ақауы мен кінәраты. Осындай жабдықты өндірген компания сізге өзінің жабдығына, қондырғысына және әрі қарай болуы ықтимал ақауларға өз кепілдігін беруі тиіс;
- Toyota автокөлігінде орнатылған газ жабдығын орнату және пайдалану салдарынан туындауы ықтимал ақау мен кінәрат;
- Кепілдікпен жөндеу үшін қажет болуы мүмкін газбен жұмыс істеуге қажетті арнайы жабдықты бөлшектеу.

7-сұрақ

Жаңа Toyota автокөлігін оның жұмысына кері әсері болмайтындай түрлендірсем, Кепілдіктің күші сол күйінше сақталады ма?

Жауап:

Жаңа Toyota автокөлігінің Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектері және/немесе компоненттері қандай да бір жолмен өзгертілмеген, түрлендірілмеген немесе басқаша бапталмаған жағдайда ғана жаңа автокөлікке берілетін Кепілдік аталған бөлшектерге қолданыла береді.

Сіздің Toyota автокөлігіңізге сүйреу аспаптары сияқты Toyota түпнұсқа қосалқы бөлшектері дұрыс орнатылған жағдайда Кепілдік күшінің қолданысы жалғасады. Алайда Toyota автокөлігіне түпнұсқа емес Toyota қосалқы бөлшектері мен аксессуарларын қолданып жасалған кез келген өзгертулерге немесе түрлендірулерге Кепілдік қолданылмайды.

СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

8-сұрақ

Мен өзімнің Toyota автокөлігіме Дилерде техникалық қызмет көрсетуім керек пе?

Жауап:

Біз өзіңіздің Toyota автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсетуді Дилерде іске асыруға міндеттемейміз. Бірақ Кепілдік мерзімі ішінде өкілетті Дилер орталығында автокөлікке техникалық қызмет көрсетілген жағдайда ғана жаңа Toyota автокөлігіне берілетін кепілдік сақталатынына назарыңызды аударғымыз келеді. Сонымен бірге Toyota автокөлігіңізді пайдаланған бүкіл уақыт ішінде техникалық қызметті шынымен кәсіби қызмет көрсететін өкілетті Дилер орталығында жүзеге асыруға кеңес береміз. Дилер түпнұсқа Toyota қосалқы бөлшектері мен аксессуарларын пайдалануға және сіздің Toyota автокөлігіңізге қатысы бар барлық соңғы техникалық жетістіктерді ескере отырып оқып-үйренген техникалық мамандардың жұмысына негізделген сервисті ұсынады. Осының барлығы жоғары стандарттарға сай келетін сервисті қамтамасыз етеді.

Оған қоса Дилер сіздің Toyota автокөлігіңізге көрсетілген техникалық қызмет тарихын сақтап отырады, қажет болған сәтте сіздің Toyota автокөлігіңіздің пайдаланылу жағдайына байланысты Техникалық қызмет көрсетуді жүргізу мерзімін хабарлап отырады.

9-сұрақ

Май не отын сияқты әртүрлі қоспаларды қолдану туралы қандай кеңес бере аласыз?

Жауап:

Қандай да бір қоспаларды пайдаланбас бұрын міндетті түрде Дилеріңізден кеңес алып алыңыз, себебі сапасыз өнімдерді пайдалану салдарынан Toyota автокөлігіңіз бұзылып қалуы мүмкін, ал ол Кепілдікпен өтелмейді.

СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

10-сұрақ

Toyota автокөлігінің өндірушісі Toyota автокөлігіне сапасыз отын құю және/немесе сапасы төмен жағармай материалдарын пайдалану салдары үшін жауапты болады ма?

Жауап:

Жоқ. Өндіруші сіз Toyota автокөлігіңізге құйған отын сапасы үшін жауапты емес. Сонымен бірге Өндіруші сіздің сапасы төмен немесе спецификациясы сәйкес келмейтін майларды, салқындату, тежегіш және басқа да пайдалану сұйықтықтарын пайдаланғандықтан болатын салдар үшін де жауап бермейді. Өндірушінің ұсыныстарын Көлік иесінің нұсқаулығынан қараңыз.

11-сұрақ

Мен Toyota автокөлігіммен ұзақ сапарға немесе саяхатқа баруды жоспарлап отырмын, сол кезде Жоспарлы техникалық қызмет көрсету және/немесе Қосымша техникалық қызмет көрсету және/немесе Кепілдікпен жөндеу қажеттілігі туындайтын болса, мен не істеуім керек?

Жауап:

Техникалық қызмет көрсету және/немесе жөндеу үшін осы Нұсқаулықта немесе www.toyotakz.com веб-сайтында берілген кез келген өкілетті Дилерге бара аласыз.

Ұзақ сапарға аттанбас бұрын, әсіресе Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасынан тыс жерге шығар алдында, өзіңіздің Toyota автокөлігіңізді Дилерге апарып, сапарға дайындалу бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу қажеттілігін тексертіңіз.

Дилерге барған кезде Сіз автокөлігіңізге Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасынан тыс жерде Техникалық қызмет көрсететін жерлердің бар не жоғын анықтай аласыз.

Уважаемый Владелец!

Нам очень приятно видеть Вас одним из многочисленных приверженцев марки Toyota.

Мы гордимся тем, что наши автомобили по-настоящему качественны и созданы на основе современных конструкторских достижений.

Пожалуйста, прочитайте внимательно настоящее Руководство по гарантийному обслуживанию (далее «Руководство»). Здесь Вы найдёте важную информацию о предоставленной Изготовителем Гарантии на приобретённый Вами Автомобиль Toyota, о требованиях к Техническому обслуживанию Вашего Автомобиля Toyota, о Дилерах, уполномоченных на урегулирование претензий по качеству Автомобилей Toyota, Оригинальных запасных частей и аксессуаров Toyota и проведение Технического обслуживания и ремонта Автомобиля Toyota, а также о поддержке, которую Вы сможете получить со стороны Дистрибьютора и/или уполномоченных им Дилеров.

Данное Руководство также содержит раздел, куда заносятся отметки о Плановом техническом обслуживании и Дополнительном техническом обслуживании Вашего Автомобиля Toyota. В настоящем Руководстве также представлен ряд рекомендаций, соблюдение которых поможет Вам приятно и безопасно эксплуатировать Ваш Автомобиль Toyota многие годы без лишних затруднений.

Информация, содержащаяся в настоящем Руководстве, основана на последних данных, доступных во время его публикации, и может быть изменена без предварительного уведомления. Несмотря на это, Гарантия, предоставляемая в соответствии с условиями, установленными в настоящем Руководстве, действует в течение всего Гарантийного срока, установленного настоящим Руководством.

Более подробная информация об Автомобиле Toyota и правилах его использования содержится в Руководстве для владельца, предоставляемом вместе с автомобилем.

СОДЕРЖАНИЕ

ГАРАНТИЙНАЯ РЕГИСТРАЦИЯ	34
ОПРЕДЕЛЕНИЯ	35
ДИЛЕР.....	38
ОРИГИНАЛЬНЫЕ ЗАПАСНЫЕ ЧАСТИ TOYOTA.....	39
ОРИГИНАЛЬНЫЕ АКСЕССУАРЫ TOYOTA	40
ГАРАНТИЯ	41
ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ	52
ВОПРОСЫ И ОТВЕТЫ	54
БЕСПЛАТНОЕ ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ «1 МЕСЯЦ»	60
ЗАПИСИ ПО УСТАНОВКЕ АКСЕССУАРОВ	61
ЗАПИСИ О ЗАМЕНЕ ОДОМЕТРА	63
КОНТРОЛЬНАЯ КАРТА ОСМОТРА КУЗОВА	64
ЗАПИСИ ПО ПЛАНОВОМУ ТЕХНИЧЕСКОМУ ОБСЛУЖИВАНИЮ	68
ЗАПИСИ ПО ДОПОЛНИТЕЛЬНОМУ ТЕХНИЧЕСКОМУ ОБСЛУЖИВАНИЮ	72
СПИСОК ДИЛЕРОВ	76

ГАРАНТИЙНАЯ РЕГИСТРАЦИЯ

СЕРТИФИКАТ

Штамп Дилера

Изготовитель известен своими строгими мерами по проверке качества, которые применяются на каждой стадии производства. Данный сертификат гарантирует, что предпродажное техническое обслуживание проведено в соответствии с требованиями Изготовителя.

В целях Вашей безопасности Toyota не указывает данные о владельце в данном руководстве. Благодаря этому посторонние лица не смогут получить доступ к Вашим данным в случае угона автомобиля или аварии. Также не рекомендуется хранить внутри автомобиля другие документы, например страховые полисы.

(VIN) Номер кузова Автомобиля Toyota

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Дата передачи Автомобиля Toyota

--	--	--	--	--	--	--	--

Нижеподписавшийся подтверждает, что этот Автомобиль Toyota прошел предпродажное техническое обслуживание и был подготовлен в соответствии с требованиями Изготовителя.

Должность _____

Ф.И.О. _____ Подпись _____

АВТОМОБИЛЬ TOYOTA

Автомобиль, обозначенный товарным знаком Toyota, на который распространяется гарантия качества на условиях, указанных в Руководстве и других документах, сопровождающих сделку купли-продажи Автомобиля Toyota и/или относящихся к нему.

ВЛАДЕЛЕЦ

Лицо, которое приобрело Автомобиль Toyota у Дилера или у предыдущего Владельца в течение Гарантийного срока.

ГАРАНТИЯ

Гарантия качества Автомобиля Toyota при условии его надлежащего использования и хранения, предоставляемая Изготовителем и действующая в течение Гарантийного срока.

ГАРАНТИЙНЫЙ РЕМОНТ

Ремонт, выполняемый Дилером в течение Гарантийного срока безвозмездно для Владельца в соответствии с условиями Гарантии с целью устранения недостатка Автомобиля Toyota, если на такой недостаток распространяется действие Гарантии. Дилер самостоятельно на основании технической документации Изготовителя определяет метод и способ осуществления Гарантийного ремонта.

ГАРАНТИЙНЫЙ СРОК

Срок действия Гарантии, установленный Изготовителем и указанный в Руководстве и других документах, сопровождающих сделку купли-продажи Автомобиля Toyota и/или относящихся к нему.

ОПРЕДЕЛЕНИЯ

ДИЛЕР*

Лицо, находящееся на территории Республики Казахстан и Кыргызской Республики, официально уполномоченное Дистрибьютором продавать Автомобили Toyota, Оригинальные запасные части и аксессуары Toyota, а также уполномоченное на урегулирование претензий по качеству Автомобилей Toyota, Оригинальных запасных частей и аксессуаров Toyota и проведение Технического обслуживания и ремонта Автомобилей Toyota.

ДИСТРИБЬЮТОР

Лицо, должным образом уполномоченное на организацию, развитие и управление системой дистрибуции автомобилей, запасных частей и аксессуаров, обозначенных товарным знаком Toyota, в Республики Казахстан и Кыргызской Республике.

ДОПОЛНИТЕЛЬНОЕ ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ

Техническое обслуживание Автомобиля Toyota, проводимое дополнительно в случаях эксплуатации Автомобиля Toyota в особых условиях по прошествии определенного времени и (или) пробега, установленных в Руководстве для владельца.

Проведение Дополнительного технического обслуживания не у Дилера, может повлечь за собой невозможность удовлетворения Ваших требований по Гарантии.

ИЗГОТОВИТЕЛЬ

Тойота Мотор Корпорэйшн, Тойота-чо 1, Тойота-ши, Айчи-кен, 471-8571 Япония, и ее дочерние компании.

ОРИГИНАЛЬНЫЕ ЗАПАСНЫЕ ЧАСТИ И АКСЕССУАРЫ TOYOTA

Запасные части и аксессуары, производимые Изготовителем или под его контролем или одобренные им, продаваемые Дилером и используемые Дилером при осуществлении Технического обслуживания/ремонта Автомобилей Toyota, и поставляемые ему Дистрибьютором.

ПЛАНОВОЕ ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ

Техническое обслуживание Автомобиля Toyota, проводимое периодически в соответствии с настоящим Руководством или Руководством для владельца. Перечень операций устанавливается в Руководстве или Руководстве для владельца с возможной корректировкой с учетом технического регулирования. К основным работам относятся осмотры, проверки герметичности систем питания, смазки и охлаждения двигателя, системы зажигания, аккумуляторной батареи, регулировки, замены масел, охлаждающей и других технических жидкостей и смазок, а также плановые замены расходных деталей и материалов, которые требуются к замене по прошествии определенного времени и (или) пробега, установленных в Руководстве для владельца.

Проведение Планового технического обслуживания не у Дилера, может повлечь за собой невозможность удовлетворения Ваших требований по Гарантии.

РУКОВОДСТВО ДЛЯ ВЛАДЕЛЬЦА

Руководство по эксплуатации Автомобиля Toyota, прилагаемое к Автомобилю Toyota.

ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ

Комплекс операций (технических воздействий), включая предпродажное техническое обслуживание, направленных на поддержание Автомобиля Toyota в исправном состоянии, обеспечение безопасности движения, защиту окружающей среды в процессе его эксплуатации и хранения.

ДИЛЕР

Регулярное проведение квалифицированного Планового технического обслуживания, Дополнительного технического обслуживания, а также своевременный ремонт позволят поддерживать такие качества как работоспособность, безопасность и надёжность, заложенные конструкторами в принадлежащий Вам Автомобиль Toyota. Это также поможет Вам максимально сохранить средства, инвестированные Вами при покупке Автомобиля Toyota.

Для обслуживания Вашего Автомобиля Toyota мы рекомендуем Вам обращаться именно к Дилеру по следующим причинам:

- 1) У Дилера обслуживание Вашего Автомобиля Toyota проводят профессиональные технические специалисты высокой квалификации, владеющие всеми доступными современными технологиями в области обслуживания Автомобилей Toyota и постоянно проходящие обучение по специализированным учебным программам.
- 2) Дилер имеет необходимые специальные инструменты и оборудование, разработанные для правильного и быстрого обслуживания Вашего Автомобиля Toyota.
- 3) Дилер располагает самой последней технической информацией по обслуживанию принадлежащей Вам модели Автомобиля Toyota. Он также имеет возможность напрямую связаться с Дистрибьютором в случае, если понадобится какая-либо дополнительная информация.
- 4) Для обслуживания Вашего Автомобиля Toyota Дилер использует Оригинальные запасные части Toyota, которые имеют такое же высокое качество, как и те, которые были изначально установлены на Вашем Автомобиле Toyota. Кроме того, Оригинальные запасные части Toyota обеспечены гарантией Изготовителя, как это описано в настоящем Руководстве.

Обращайтесь к Вашему Дилеру, если у Вас есть вопросы или Вашему Автомобилю Toyota нужна помощь.

ОРИГИНАЛЬНЫЕ ЗАПАСНЫЕ ЧАСТИ TOYOTA

Для защиты качества, надёжности и ценности Вашего Автомобиля Toyota Изготовитель рекомендует Вам использовать при проведении его Планового технического обслуживания, Дополнительного технического обслуживания, а также ремонта только Оригинальные запасные части Toyota, то есть запасные части, продаваемые Дилером и поставляемые ему Дистрибьютором.

Оригинальные запасные части Toyota произведены в соответствии с такими же высокими стандартами качества, надёжности, долговечности и безопасности, как и вся продукция, производимая под маркой Toyota.

Дилер располагает возможностью заказа любых Оригинальных запасных частей Toyota, которые необходимы для обслуживания Вашего Автомобиля Toyota.

В случае отсутствия каких-либо Оригинальных запасных частей Toyota на складе Дилера он может напрямую обратиться на склад Дистрибьютора для доставки необходимых Оригинальных запасных частей Toyota для Вашего Автомобиля Toyota.

Для обслуживания и ремонта, если Вам необходимы качество и душевное спокойствие, используйте Оригинальные запасные части Toyota.

Использование неоригинальных запасных частей Toyota может повлечь за собой снижение эксплуатационных качеств, безопасности и долговечности Автомобиля Toyota и может повлечь за собой невозможность удовлетворения Ваших требований по Гарантии.

ОРИГИНАЛЬНЫЕ АКСЕССУАРЫ TOYOTA

Если Вы хотите придать Вашему Автомобилю Toyota индивидуальность не в ущерб его надёжности и эксплуатационным характеристикам, Вам необходимо использовать только Оригинальные аксессуары Toyota, то есть аксессуары, продаваемые Дилером и поставляемые ему Дистрибьютором.

Оригинальные аксессуары Toyota разработаны и произведены специально для Автомобилей Toyota, кроме того, они проходят специальную проверку для подтверждения отличного уровня качества, надёжности и точности монтажа.

В то же время неоригинальные аксессуары Toyota часто не соответствуют таким же высоким стандартам.

Приобретая Оригинальные аксессуары Toyota у Дилера, Вы получаете гарантию их качества.

Использование неоригинальных аксессуаров Toyota влечет за собой снижение эксплуатационных качеств, безопасности и долговечности Автомобиля Toyota и может повлечь за собой невозможность удовлетворения Ваших требований по Гарантии.

УСЛОВИЯ ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ ГАРАНТИИ

Гарантийные обязательства Изготовителя, предусмотренные Гарантией, предоставляются только при условии покупки Автомобиля Toyota у Дилера.

При продаже Автомобиля Toyota Дилер делает соответствующие записи в листе «ГАРАНТИЙНАЯ РЕГИСТРАЦИЯ» настоящего Руководства. Владелец необходимо самостоятельно проконтролировать внесение данных записей Дилером.

УСЛОВИЯ ДЕЙСТВИЯ ГАРАНТИИ

